






# Пародонт

- *Пародонт деп бір-бірімен генетикалық, морфологиялық, функциональдық тығыз байланысты, тісті қоршаған тіндер кешенін айтады. Бұл кешеннің құрамына қызылик, периодонт, альвеола өсіндісі және тіс тіндері кіреді .*
- *Ең алғаш тіс төңірегіндегі тіндер кешені жиынтығы туралы ұғымды 1905 жылы орыс ғалымы Н.Н.Несмеянов қалыптастырып, патологиялық үрдіс кезінде барлық тіндер кешені жарақаттанады деп қорыта келе, бұл кешенді құрылымды «амфодонттық ағза» («амфодонтный орган») деп атауды ұсынды.*



# Қызылиек

- Қызылиек деп ауыз кілегейлі қабығының жақ сүйектерінің альвеола өсіндісін жауып тұрған бөлігін айтады және ол пародонттың маңызды құрамы болып саналады.



- Клиникалық және физиологиялық көзқарасқа сай, қызылиектің үш бөлігін ажыратады. Олар: 1) тістераралық қызылиек бүртігі; (межзубной-десновой сосочек); 2) қызылиек жиегі (десневой край), екеуі қосылып еркін қызылиекті (свободная десна) құрайды, үшінші альвеолалық бөлігі – альвеолалық немесе бекіген қызылиек (альвеолярная или прикрепленная десна).
- Еркін қызылиек тіс мойнына тығыз жанаса орналасқан, ал альвеолалық қызылиек дәнекер тін талшықтары арқылы альвеола өсіндісінің сүйек қабымен (периост) бітісіп кеткен. Тіс мойнымен еркін қызылиек арасында тереңдігі 1,0-1,5мм саңылауға ұқсас тар жүлге-сай (желобок) орналасқан және ол «қызылиек сайы» («десневая борозда») деп аталады. Қызылиек сайының қызылиек жақ қабырғасын және табанын эпителий жауып жатады және ол кіреуке кутикуласына барып бекиді. Бұл аймақтағы эпителийлі құрылым тіс-қызылиек бекімі (зубо-десневое прикрепление) немесе бекім эпителийі деп аталады.

- Тістераралық қызылиек бүртігі пішіні үшкір ұшы тістердің тістеу қырына немесе шайнау бетіне бағытталған конусқа, ал ауыз кіреберісінде үшбұрышқа ұқсас келеді және көршілес тістер арасындағы кеңістікті тығыз толтырып тұрады. Тістер сирек орналасқан жағдайда (тістер арасында түйісу орны болмаған кезде) қызылиек бүртігі үшбұрышқа ұқсас пішінін жоғалтып, тістердің мойын деңгейінде альвеолалық қызылиекке ауысады.
- Жиіктік қызылиек – әр тістің мойынын айналдыра тығыз жанасқан альвеолалық қызылиектің қозғалмалы бөлігі. Альвеолалық қызылиек – қызылиектің альвеола өсіндісін жауып жатқан қозғалмайтын бөлігі. Ұрт жағынан альвеолалық қызылиек альвеола өсіндісінің табанында жақ сүйек денесін жауып тұрған кілегейлі қабыққа және ауыспалы қатпарға ауысады, ал тіл жағынан қатты таңдай (жоғарғы жақта) және ауыз табаны (төменгі жақта) кілегейлі қабығына ауысады.

- қызылиек екі қабаттан тұрады. Беткі қабаты – көпқабатты жазық эпителий немесе жабынды эпителий қабаты, астыңғы қабаты – нағыз кілегейлі қабық қабаты немесе нағыз дәнекер тін пластинасы деп аталады.
- Қызылиек аймағында жабынды эпителийдің үш түрін ажыратады: нағыз қызылиек эпителийі, қызылиек сайының эпителийі (эпителий борозды) және біріктіруші эпителий немесе тіс-қызылиек бекімі эпителийі (соединительный эпителий или эпителий прикрепления).
- Нағыз қызылиек эпителийі тістераралық бүртіктерді, қызылиек жиегін және бекіген қызылиекті жауып жатады, біраз қалыңдау келеді және толассыз мүйізгектенуге ұшырайды. Жалпы қызылиек эпителийінің 40% аумағы ғана мүйізгектенуге ұшырайды екен (Фалин И. И. 1963). Мүйізгектенетін эпителий әртүрлі жасушалардың төрт қабатынан тұрады. Олар – базальды, тікенекті, түйіршікті немесе дәнді және мүйізгектенген қабаттар.
- Базальды қабат цилиндрге ұқсас жасушалардың 1-2 қатарынан, ал тікенекті қабат көпбұрышты өсікті клеткалардың 4-6 қатарынан тұрады. Электронды-микроскопиялық зерттеулер базальды және тікенекті қабат жасушаларының бір-бірімен десмосомдар арқылы тығыз байланысқанын анықтаған. Десмосомдар симметриялы (тепе-тең) орналасқан екі жартыдан тұрады және арқайсысы көрші орналасқан жасушалардың құрамына кіреді. Олардың араларында жасушааралық кеңістіктер сақталған. Десмосомның әрбір жартысының ұзындығы 0,2 мкм және құрамына плазмолемманың бөлігі мен оған жақын жатқан цитоплазманың тығыз гемогенді қабаты кіреді.
- Тікенекті қабаттың үстінде түйіршікті (дәнді) қабат орналасқан. Ол цитоплазмасында кератогиалин түйіршіктері (дәндері) бар жалпақ жасушалар қатарынан тұрады. Ең үстіңгі немесе беткей қабат толассыз түлеуге ұшырайтын, ядроларын жоғалтып мүйізгектенуге ұшыраған жалпақ жасушалар қатарынан тұрады.




Қызылиек сайы мен тіс-қызылиек бекімі бар аймағында ұсақ қан айналым торабының өзіндік ерекшелігі бар: капиллярлар ілмексіз, эпителий қабатына өте жақын орналасқан және оларға өте жоғары өткізгіштік қасиет тән. Осыған байланысты қызылиек сайына толассыз сұйықтық бөлініп тұрады және ол «қызылиек сайы сұйықтығы» немесе «қызылиек сұйықтығы» (десневая жидкость) деп аталады.

Қалыпты жағдайда тәулігіне орта мөлшері 2,4-5,5 мл қызылиек сұйықтығы ауыз ішіне бөлінеді және жоғарғы тістер қызылиек сайынан төменгі тістер қызылиек сайына қарағанда сұйықтық көбірек бөлінеді деген мәлімет бар.

Қызылиек сұйықтығы қан сарысуының транссудаты болғандықтан, құрамы жағынан қан сарысуының құрамына ұқсас болды. Қызылиек сұйықтығында қан сарысуына қарағанда натрий және калий иондарының мөлшері жоғары, ал кальций, фосфор, магний, цинк, күкірт, хлор және фтордың мөлшері ондағымен бірдей.

- Альвеола өсіндісінің сүйек тіні
- Альвеола өсіндісі деп әрбір жақ сүйегінің тістердің түбірлері орналасқан бөлігін айтады. Альвеола өсіндісі тістердің түбірлері орналасқан ұяшықтардан (альвеолардан) және тістераралық немесе альвеолааралық қалқан сүйектен (межзубная или межальвеолярная перегородка) тұрады.
- Әр альвеола өсіндісінің сүйек тіні тығыз (компакты) және кемік заттан тұрады. Тығыз сүйек альвеола өсіндісінің сыртқы және ішкі қатты (кортикалды) қабаттарын құрайды және остеондар жүйесі мен сүйек пластинкаларынан тұрады. Тығыз сүйек қабаттарының арасында бір-бірімен айқаса орналасқан сүйек бағаналарынан тұратын кемік сүйек орналасқан. Олардың сүйек бағаналары арасындағы қуыстарда (ячейкаларда) сүйек майы орын алған.
- Тығыз сүйекті тістің түбір бойымен қантамырлар мен нервтер кіретін өзектер тесіп өтеді. Сүйек тіні 30-40% органикалық заттан, 60-70% минералды заттар мен судан тұрады. Органикалық заттың негізін құрамында көп мөлшерде оксипролин, фосфосерин бар коллаген құрайды. Сүйек матриксінде сүйектің минералдануына қажет лимон қышқылы да көптеп кездеседі. Сүйек тініндегі гликопротеидтер - хондроитинсульфаттан, аз мөлшерде гиалурон қышқылынан және кератинсульфаттан тұрады.
- Кемік сүйек қуыстарының (ячейкаларының) көлемдері әртүрлі болады. Төменгі жақ сүйек бағаналары (трабекулалары) көлденең орналасқан және қуыстары ұсақтау болып келеді (мелкоячеистое строение). Жоғарғы жақ сүйегінде кемік сүйек көбірек, қуыстарының көлемі ірілеу, сүйек бағаналары тік орналасқан.

- Периодонт жасушаларға коллаген және иілгіш талшықтарға бай тығыз дәнекер тіннен тұрады. Ол түбір цементі мен альвеола сүйегінің арасында орналасады, қан, лимфа тамырлары мен жүйке жүйесіне бай. Периодонттың жасушалық элементтер фибробласттан, цементокласстардан, дентокласстардан, остеобласттардан, остеокласстардан, Малассе эпителиалды клеткаларынан, қорғаныш жасушаларынан, нейроваскулярлы элементтерден тұрады. Периодонт тіс цементі мен сүйек ұяшығы арасындағы кеңістікті толтырып тұрады.



Периодонт




Рис. 48. Волокна периодонта. 1 – межсосочковые; 2 – циркулярные; 3 – межзубные; 4 – зубодесневые

- Пародонт қызметтері тірек-қимыл, амортизаторлық, қысымды тарататын, тістерді тіс қатарында біріктіретін, сенсорлы, рефлекторлы, пластикалық, трофикалық, барьерлі, жарақаттық зақымнан кейін тіннің тіндерін жаңартуға қатысады. Пародонт тістерді жақтарда ұстап тұрады, жақ сүйектерінің тіске түсіретін механикалық күшін таратады. Осы күшті тарату периодонт талшықтары арқылы жүзеге асады. Пародонттағы талшықтардың бағыты көбінде көлбеу, тіс ұшынан бастап 45 бұрышпен ал тек түбір ұшының өзінде радикальды бағытта орналады. Тіс мойыны аумағында талшықтар бағыты көлденең болады. Соңғылары альвеолярлы пердеден тараған талшықтармен байланысып, тіс мойнында сақина тәрізді айналмалы байламды құрайды. Талшықтар созылмалы емес және өзінің бағыты бойынша тістің өз орнынан ығысуына кедергі жасайды. Қиғаш талшықтар окклюзиялық жазықтыққа әсер кезінде тісті ұстап тұрады, яғни, тісті ілінбелі күйде ұстап тұрады. Түбір ұшындағы және мойын аймағында талшықтар көлденең бағыттағы қимылдарды тежеп тұрады. Ал талшықтардың альвеола түбіндегі тік бағыты ұяшықтан тістің қозғалып кетуіне мүмкіндік береді. Шайнау қысымы периодонтта орналасқан механорецепторлармен реттеледі. Олар сигналды шайнау бұлшықеттеріне береді. Пластикалық қызметті пародонттың жасушалық элементтері атқарады. Пародонттың дамыған қан тамырлары мен жүйке таошықтары тіс цементі мен альвеола қабырғасының қоректенуін қамтамасыз етеді